



Дипломалды практикасы

Қысқаша сипаттама:

Білім алушылардың кәсіби даярлығының қорытынды кезеңі болып табылады және теориялық білімді тереңдету мен жүйелеуге, кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға, сондай-ақ дербес кәсіби қызметке дайындыққа бағытталған. Практика спорт ұйымдарының, клубтардың, федерациялардың және білім беру ұйымдарының базасында нақты оқу-жаттығу және ұйымдастырушылық қызмет жағдайында жүзеге асырылады.

Практика мақсаты

Білім алушыларды дене шынықтыру және спорт саласында дербес кәсіби қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ бітіру біліктілік жұмысын (дипломдық жұмысты) орындауға және қорғауға сапалы даярлау.

Практика міндеттері

- Дипломалды практикасының негізгі міндеттері:
- дене шынықтыру және спорт саласындағы кәсіби білімді тереңдету және жүйелеу;
- оқу-жаттығу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге қатысу;
- тәлімгердің жетекшілігімен жаттықтырушының, нұсқаушының немесе педагогтің кәсіби функцияларын орындау;
- оқу-жаттығу процесін және спорттық дайындық нәтижелерін талдау;
- бітіру біліктілік жұмысының тақырыбы бойынша материалдарды жинақтау, өңдеу және талдау;
- кәсіби қызметте дербес шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби этика нормаларын, еңбекті қорғау және спорттық қауіпсіздік талаптарын сақтау.

Оқудың күтілетін нәтижелері

Дипломалды практика қорытындысы бойынша білім алушы:

- спорт саласында дербес кәсіби қызметке дайын екенін көрсетеді;
- оқу-жаттығу процесін жоспарлау және талдау дағдыларын меңгереді;
- спорттық даярлаудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдана алады;
- білім алушылармен және спортшылармен тиімді кәсіби өзара іс-қимыл жасайды;
- бітіру біліктілік жұмысын орындауға және қорғауға дайын болады.